

ШЕТ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУГЕ ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ

Космуратов Алтынбек Уласбекулы педагогика ғылымдарының магистрі.

Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ

Тукмирзаева Айгерим Аклбекқызы педагогика ғылымдарының магистрі. ОАИУ

Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында «Шетел тілін оқытудың басты мақсаты — оқушыларға шетел тілінде қарым-қатынас жасауды базалық деңгейде игерту» деп көрсетілген [1]. Өйткені қазіргі нарық жағдайында шетел тілін, оның ішінде ағылшын тілін меңгеру, шетел тілінде сөйлей білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпаққа шетел тілін оқытуда әртүрлі әдістемелік жаңа тәсілдерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр. Ағылшын тілі—әлемдегі тілдер арасынан көркемдігі мен бейнелілігі, тазалығымен сөздік құрамының молдығы жөнінен дамыған тілдердің бірі. Ауызша сөйлеу адам арасындағы қарым-қатынасты атқарады. Ағылшын тілінде сөйлеуді үйрету үшін қолданылатын оқыту әдісінің мазмұны оқушының тілдік қарым-қатынаста жинаған білімінің, қалыптасқан дағдысының, игерген шеберлігінің жиынтығына байланысты. Сөйлеуге үйрету монолог және диалог түрінде жүзеге асырылады. Монолог және диалог түрінде, біліктілігі қарым-қатынас әрекетінің, ақпараттық, регулятивтік, әдептік және сезімдік-бақылау сияқты атқаратын қызметіне байланысты анықталады.

Негізгі орта білім деңгейіне арналған шетел тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына байланысты, яғни ол шетел тілін меңгерудің жалпы еуропалық А1 деңгейіне сәйкестірілген. Шетел тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады. Ауызша сөйлеуге үйретудің, біріншіден, белгілі бір көлемде диалогты түрде және монологты түрде сөйлеудің арасында айтарлықтай формасы жағынанда, мазмұны жағынанда қандайда бір байланыстың болуы; екіншіден, оқушының өзіне тиісті пәнді жетік меңгеруімен; үшіншіден, қандайда бір мәтін материалдарымен ауызша сөйлеуде едәуір байланыстын болуы. Оқудың бірінші кезеңінде іштей оқуға көңіл бөлу керек. Сонымен қатар оқушылардың ағылшын тілінде ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту бағытында түрлі іс-әрекет ұйымдастыруға болады. Шетел тілі пәні бойынша оқушымен ұғымдар анықтамасын тек жаттап алғаннан гөрі, оларды іс жүзінде саналы түрде қолдана алуы қажет. Түрлі тапсырмалармен жаттығулар арқылы теориялық білімді шыңдауға болады. Мысалы, белгілі бір мәтін бойынша жұмыс жасау: [2]

- Мәтінді қатесіз, дауыс ырғағын сақтай отырып оқу.
- Мазмұнын түсіну.
- Тірек-сызба сөздері арқылы баяндау.
- Мазмұнын түсінуі бойынша сурет салып, суреттеу.
- Келесі жаттығу түрі сөйлеуге үйрету. Диалогты сөйлеуде оқушылар сұрақ-жауап, өтініш айту, нұсқау беру және тағы басқа жұмыстары ретінде қарапайым іс-әрекеттерді жасай алуы тиіс. Балалар бөлек элементтерден жаңа, тұтас жағдай құрай алуы керек. Оқушылар жалпы арнаулы сұрақтарды қоя алуы, әртүрлі сұрақтарға жауап бере алуы, өтініш, бір нәрсе мен келісетінін немесе келіспейтіндігін білдіре алуы керек. Оқушылардың сөйлеу қарқынын өсіру қажет және әр оқушы сөйлегенде екі репликадан айту тиіс. Қазіргі кезеңде пән мұғалімдерінің кеңінен қолданып жүрген тілдік жаттығуларының біріне «Warming up» жаттығуы жатады[3].

- «Warming up» жаттығуы. «Do you know?»
- *What's near the Capitol? What's near the Houses of Parliament? What would you like to see in Washington D.C.? What would you like to see in London?*

- Тілдік жаттығудың мақсаты — сабаққа деген бет бұрыс туғызу. Тілдік жаттығу барысындағы мұғалімнің жылы дауысы, сұрақтардың алдын ала ойластырылып тапсырмалардың дұрыс жоспарлануы мұғалім мен оқушының арасындағы жақсы қарым-қатынас туғызып, алдағы сабақтың нәтижесін жоғарлата түседі. Әдетте оқып болғаннан соң

түсінік айтылады және жаттығулар жасалады. Сөйлей алудың әдістерімен қорытындыланады. Әңгімелесу балалардың логикалық ойлауын, тілдің қалыптасуына, қорытынды жасауға көмектеседі. Оқушылардың ағылшынша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін сөйлеудің дұрыс үлгісін көрсету керек. Оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін: сөзді, сөз тіркестерін дұрыс айтуға үйрету, мәтінді, өлең сөздерді айтқанда дауыстың анық болуын қадағалау, сұрақтарға жауап беру, дұрыс сөйлеуге үйрету, сұрақ қоя білу мен әңгімені бастау, жалғастыру, аяқтай білу қабілетін қалыптастыру сияқты жұмыстар қатар жүргізіледі. Сондай-ақ берілген мәтіннің мазмұнын айту мен сөйлеу үлгілерін сауатты түрде құрастыра білуге, диалог арқылы сұхбаттасу сияқты жұмыстар көрсетіледі. Осындай жұмыс кең түрде жүрген тұста оқушының сөйлеу ерекшелігі күннен күнге дамып, жан-жақты артып отырады..

- Сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін, оқыған үзінділері бойынша негізгі кейіпкерлерге сипаттама беру, роман, эсселердің тақырыбын, идеясын талқылау, пікір сайыс, дебат барысында өз ойын әдебиет тілдер еркін жеткізе білуге дағдыландыру басты мақсат болып табылады. Төмендегі мәтінді мысал ретінде алуға болады:

- *My friend Bill is a geologist. He does not stay in town in spring and summer. He goes on expeditions. There he lives in a tent and cooks his own meals. He thinks he is a very good cook and when he comes back to town he tries to teach his wife and mother in law the art of cooking. He tells everybody that canned meat and porridge are the best dishes. His wife in his opinion spends too much time on cooking. So he does not let her stay in the kitchen. Neither his wife nor his mother in law contradicts him, for he never stays long at home. When he lives his children are sorry to part with him but they are glad that grandmother will cook their meals again.*


- Аудиториялық сабақтарда оқытушының сөйлеуі, бейне фильмді көрсете отырып, оқытушының оқуы оқушы үшін үлкен өнеге, үлгі болады. Ауызша сөйлеуге үйрету шетел тілін оқытудың ең қиын аспектісі болып саналатындықтан, ең негізгі мақсат — естігенін түсіне білуге үйрету. Түсінуді тексерудің ең басты бөліктерін — сурет арқылы, екіншіден — жазбаша жауап беру арқылы жүргізуге болады. Сурет арқылы үйрету кезінде қажетті суретті таңдау — алдымен айтылған фразға, диалогқа, мәтінге, әңгімеге, одан соң тыңдалған материалмен суреттегі айырмашылықты табуға байланысты болады (1-кесте).[4]

- ***Кесте № 1. Сурет арқылы өзініңсүйікті үй жануарын сипаттау***

Rex — is a strong, muscular and very energetic dog. He likes to go for a walk and to run. I enjoy playing with her. He performs a variety of commands and tricks. Rex is very cheerful and friendly. He often plays with my friends. Rex always senses the mood of the people. If I'm upset about something, he tries to comfort and entertain me.



Кесме № 2



Сонымен бірге сынып ішінде ойнайтын ойындар мен іс-әрекеттер арқылы да тіл дамытуға болады (2-кесте). Мысалы, ойынды сабақ үстінде жаңа сөздерді қайталау үшін, өтілген жаңа сабақты еске түсіру үшін қажет. Ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты қалыптасуына, дамуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі. Ойындар оқушылардың танымын, ақыл-ой белсенділігін қалыптастырудың маңызды құралы бола отырып, олардың бағдарлама материалының негізгі тақырыптары бойынша алған білімдерін тереңдете түсуді, әрі пысықтауды көздейді. Бұл ойындар балалардың сабақ үстіндегі жұмысын түрлендіре түседі, олардың пәнге қызығушылығын оятып, ынта-ықылас қоюына баулиды және оқушылардың зейінін, ойлау қабілеттерін дамытады. Ойындар арнайы мақсатты көздейді және нақты міндеттерді шешеді. Ойынды сабақтың әр кезеңдерінде, тақырыбына қарай мұғалім өзі таңдап алып, қолданып отырады [5].

2. «Whose birthday is today?» ойыны.

Мұғалім оқушыларға «One of you has a birthday today. Guess who she is».

Оқушылар: What colour is her hair? What colour are her eyes?

What is her nose like? What is she wearing?

What is her hobby? — деген сұрақтарға жауап бере отырып, оқушылар кімнің туған күні екенін табу керек. Бұл жұмыс түріде оқушыларды ағылшын тілінде сөйлеуге үйретеді.

Бұл ойындар оқушылардың танымын кеңейтіп, білім мен білік шеберліктерінің жан-жақты дамуына, қалыптасуына, тілдік материалдарды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгеруіне көп көмектеседі. Қазіргі замандағы мұғалімдер ағылшын тілінде еркін сөйлеу үшін «Interview» («Интервью») ойынын қолдану өте тиімді деп есептейді. Сұрақ-жауап жұмыстарында ойындарды қолдануда өте қызықты деп саналады. Ауызша сөйлеуді үйретуде әр түрлі технологияларды пайдаланған тиімді. Мысалы, қазіргі білім беру үдерісінде еніп жатқан инновациялық технологияларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Яғни, біз деңгейлеп саралап оқыту

технологиясында білім алушыларға деңгейлік тапсырма беру арқылы әр баланы ауызша сөйлеуге үйретеміз. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең біріншіден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсіндіру қажет. Кейін осы жаңа сөздері бар фильмдер көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргіздік.[6]

Қорыта келгенде-ұжымдық, топтық білім беру технологиясы түрінде ауызша сөйлеуге үйрету оқушылар мен мұғалімдер, оқушы мен оқушы арасында іске асырылады. Біріншіден, олар бір-бірімен ауызша тілдесу арқылы қарым-қатынаста болса, екіншіден, ұжым арасында еңбек етуге үйренеді. Дегенмен әр ұстаз қандай технологияны тандаса да ең алдымен өзі сол технологияны жете түсініп, меңгеруі тиіс. Өйткені техникалық құралдардың әрқайсысын жете білу және меңгеру — оқушы үшін ең қажетті шарт. Сонда ғана оқушылар ауызша сөйлеуге үйреніп, олардың сөйлеу дағдылары қалыптасып, сөйлеуге жаттығады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. — Астана: ҚР БЖҒМ,
2. *Шоманова А.С., Жансаринова Г.С.* Тіл ұстарту жұмыстарының ерекшеліктері // Респ. пед. журн. «Мастер-класс». — 2015.
3. *Мадиева С.С.* Benefits of extracurricular activities for students // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі.-2015
4. *Ибрагимова С.Е.* Тыңдап-түсіну, сөйлеу дағдысын арттыру шеберханасы. // Респ. пед. журн. «Мастер-класс». — 2009.
5. *Қалышева Т.* Ағылшын тілін оқытудағы дидактикалық ойындар // Ағылшын тілін оқыту әдістемелігі. 2015
6. *Бегазова М.Ж.* Шетел тілі сабағында білім алушылардың коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру жолдары //Мектептегі шет тілі. — 2011.